

**«Ұлытау облысының білім басқармасы» ММ
Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тамақтандыруды қамтамасыз
етуге байланысты тауарларды сатып алу бойынша
жұмыс тобының
Х А Т Т А М А С Ы**

26.12.2022 ж.

Қатысқандар: Аудандық, қалалық білім бөлімінің басшылары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары және өнім жеткізуі кәсіпкерлер.

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды құнарлы тамақпен қамтамасыз ету үшін ата-ана төлемақысының мөлшерін көтеру шараларын қарастыру.

Тындалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша білім бөлімдерінің басшылары аудандар мен қалалардағы мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ана төлемақысы арқылы жузеге асырылатын тамақтандыру құнын көтеруге байланысты жүргізлген жұмыстардың қорытындыларымен таныстырыды.

1.1. Жезқазған қаласының білім бөлімінің басшысы Ж.Альмаганбетов:

Ата-ана төлемақысын көтеру бойынша 14 мектепке дейінгі білім беру үйимында ата-ана жиналыстары өтті. Қазіргі күні Жезқазған қаласы бойынша 3 жасқа дейінгі балалар үшін ата-ана төлемақысы 12000 теңгені, 3 жастан асқан балалар үшін ата-ана төлемақысы 14000 теңгені құрайды.

Жиналысқа қатысқан ата-аналардың жалпы саны – 2608. Нарықтағы азық-түлік бағасының қымбаттауына байланысты кәсіпкерлер 2022 жылдағы келісімшартта белгіленген бағамен өнім жеткізуге келіспейтінін хабарлап отыр. Сондықтан, балаларды сапалы, құнарлы тамақпен қамтамасыз ету үшін 1-3 жастағы балалар үшін ата-ана төлемақысын 18000 теңгеге, 3-5 жастағы балалар үшін ата-ана төлемақысын 20000 теңгеге көтеруді ұсынды. Аталған ұсынысты 2384 (91%) ата-ана қолдаған.

1.2. Сәтбаев қаласының білім бөлімінің басшысы Б.Акишбеков:

14 мектепке дейінгі білім беру үйимында өткен ата-ана жиналысына 2761 ата-ана қатысқан. Қазіргі күні Сәтбаев қаласы бойынша 3 жасқа дейінгі балалар үшін ата-ана төлемақысы 12000 теңгені, 3 жастан асқан балалар үшін ата-ана төлемақысы 13000 теңгені құрайды. Жиналысқа қатысуышылар тараپынан 1-3 жастағы балалар үшін ата-ана төлемақысын 18000 теңгеге, 3-5 жастағы балалар үшін ата-ана төлемақысын 20000 теңгеге көтеру ұсынылған. Жиналысқа қорытындысы бойынша 2644 (95,7%) ата-ана қолдады.

1.3. Қаражал қаласының білім бөлімінің басшысы К.Оспанова:

Ата-ана төлемақысын көтеру бойынша 2 мектепке дейінгі білім беру үйимында ата-ана жиналыстары өтті. Қазіргі күні Қаражал қаласы бойынша 3

жасқа дейінгі балалар үшін ата-ана төлемақысы 7000 теңгені, 3 жастан асқан балалар үшін ата-ана төлемақысы 8000 теңгені құрайды.

Жиналысқа қатысқан ата-аналардың жалпы саны – 417. Балаларды сапалы, құнарлы тамақпен қамтамасыз ету үшін 1-3 жастағы балалар үшін ата-ана төлемақысын 11000 теңгеге, 3-5 жастағы балалар үшін ата-ана төлемақысын 12000 теңгеге көтеруді ұсынды. Аталған ұсынысты 413 (99%) ата-ана қолдаған.

1.4. Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің басшысы М.Балабаев:

6 мектепке дейінгі білім беру үйімінде аталған мәселе бойынша жиналыс өтті. Жиналысқа қатысқан ата-ана саны – 574. Қазіргі күні Жаңаарқа ауданы бойынша 3 жасқа дейінгі балалар үшін ата-ана төлемақысы 12500 теңгені, 3 жастан асқан балалар үшін ата-ана төлемақысы 13500 теңгені құрайды.

Балаларды сапалы, құнарлы тамақпен қамтамасыз ету үшін 1-3 жастағы балалар үшін ата-ана төлемақысын 16000 теңгеге, 3-5 жастағы балалар 18000 теңгеге көтеруді ұсынды. Аталған ұсынысты 432 (75,2%) ата-ана қолдаған.

1.5. Ұлытау ауданының білім бөлімінің басшысы Б.Абдраимов:

Ата-ана төлемақысын көтеру бойынша 6 мектепке дейінгі білім беру үйімінде ата-ана жиналыстары өтті. Қазіргі күні Ұлытау ауданы бойынша 3 жасқа дейінгі балалар үшін ата-ана төлемақысы 9000 теңгені, 3 жастан асқан балалар үшін ата-ана төлемақысы 10000 теңгені құрайды.

Жиналысқа қатысқан ата-аналардың жалпы саны – 270. Балаларды сапалы, құнарлы тамақпен қамтамасыз ету үшін 1-3 жастағы балалар үшін ата-ана төлемақысын 12000 теңгеге, 3-5 жастағы балалар үшін ата-ана төлемақысын 13000 теңгеге көтеруді ұсынды. Аталған ұсынысты 270 (100%) ата-ана қолдаған.

ШЕШІМ:

1.1. Мектепке дейінгі үйымдарда балаларды рационалды тамақпен қамтамасыз ету мақсатында ата-ана төлемақысын көрсетілген мөлшерде көтеру макұлдансын: *Жезқазган, Сәтбаев қалаларында 1-3 жастағы балалар үшін 18000 теңгеге, 3-5 жастағы балалар үшін 20000 теңгеге; Қаражал қаласында 1-3 жастағы балалар үшін 11000 теңгеге, 3-5 жастағы балалар үшін 12000 теңгеге; Жаңаарқа ауданында 1-3 жастағы балалар үшін 16000 теңгеге, 3-5 жастағы балалар үшін 18000 теңгеге; Ұлытау ауданында 1-3 жастағы балалар үшін 12000 теңгеге, 3-5 жастағы балалар үшін 13000 теңгеге.*

1.2. Мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру және тәрбие бөліміне мектепке дейінгі үйымдарда ата-ана төлемақысының мөлшерін бекітуге қажетті шаралар қабылдау тапсырылсын.



Тәраға

Хатшы

С.Тулекова

В.Усерова